

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің көлік құралдарын 200 километрден артық қашықтықта бақылауды және пайдалануды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 820 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 26 қыркүйекте № 29830 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 маусымдағы № 357 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі туралы ереже 15-тармағының 158) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің көлік құралдарын 200 километрден артық қашықтықта бақылауды және пайдалануды ұйымдастыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери полициясы бас басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің көлік құралдарын бақылауды ұйымдастыру және оларды 200 километрден астам арақашықтыққа пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2021 жылғы 12 қаңтардағы № 10 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2021 жылғы 14 қаңтарда № 22069 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығына жүктелсін.

5. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрі

Р. Жаксылыков

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрі

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің көлік құралдарын 200 километрден артық қашықтықта бақылауды және пайдалануды ұйымдастыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің көлік құралдарын 200 километрден артық қашықтықта бақылауды және пайдалануды ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің (бұдан әрі – ҚР ҚК) көлік құралдарын 200 километрден артық қашықтықта бақылау және пайдалану тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бақылау парағы – 200 километрден артық қашықтықта рейс (бұдан әрі – рейс) орындайтын көлік құралдары туралы мәліметтер енгізілген құжат;

2) біржолғы рұқсаттама – бір рейс жасауға құқық беретін, әскери полиция органы беретін құжат;

3) жол жүру маршруты – бастапқы, соңғы және аралық пункттерді, сондай-ақ аялдау, тұрақ және түнде демалатын орындарын көрсете отырып, көлік құралының жүру маршруты;

4) рұқсат беру құжаты – біржолғы рұқсаттама беру үшін негіздеме болып табылатын, уәкілетті лауазымды адам қол қойған жеделхат, өкім, хат немесе өзге де құжат;

5) трекер – Қазақстан Республикасы аумағының шегінде рейс жасайтын көлік құралына орнатылатын оның ағымдағы орналасқан жерін, қозғалу маршруты мен жылдамдығын автоматтандырылған айқындауға арналған аспап.

3. Рейс жасайтын көлік құралдары мынадай санаттарға бөлінеді:

бірінші санат – әскери бөлімдер мен мекемелердің тіршілік әрекетін қамтамасыз ету (әртүрлі мүлік түрлерін жеткізу, техниканы тасымалдау және әскерлердің жауынгерлік даярлығымен байланысты емес басқа да міндеттерді орындау);

екінші санат – қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және зымыран отынын тасымалдау;

үшінші санат – лауазымды адамдардың қызметтік іссапарларға шығуы үшін бөлінетін жеңіл автомобильдердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тысқары шығатын көлік құралдарының қозғалысы;

төртінші санат – оқу-жаттығуларды, әскерлердің жауынгерлік әзірлігін арттыру жөніндегі іс-шараларды жүргізу және жауынгерлік даярлық жөніндегі басқа да міндеттер шеңберіндегі көлік құралдарының қозғалысы;

бесінші санат – шұғыл жүктерді жеткізу, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің және оның орынбасарларының нұсқауларын орындау;

алтыншы санат – шетелдік делегацияларды және Қорғаныс министрлігінің басшы құрамына қызмет көрсетуге бөлінетін көлік құралдары.

2-тарау. 200 километрден артық қашықтықта көлік құралдарын пайдалануға рұқсат алу тәртібі

4. 200 километрден артық қашықтықта көлік құралдарын пайдалану мыналардың шешімі бойынша жүзеге асырылады:

1) ҚР ҚК Бас штабы бастығы бірінші орынбасарының – екінші және үшінші санаттағы көлік құралдарының қозғалысына қатысты бөлігінде;

2) ҚР ҚК түрлері бас қолбасшыларының, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі (бұдан әрі – Қорғаныс министрлігі), Қарулы Күштері Бас штабы департаменттері, басқармалары, бас басқармалары бастықтарының – бағынысты әскери бөлімдер мен мекемелердің бірінші, төртінші және бесінші санаттағы көлік құралдарының қозғалысына қатысты бөлігінде;

3) әскер тектерінің және өңірлік қолбасшылықтар әскерлері қолбасшыларының – өңірлік қолбасшылықтың жауапкершілік аумағы шегінде бірінші және төртінші санаттағы бағынысты әскери бөлімдер мен мекемелердің (бағынысты әскери бөлімдер мен мекемелердің орналасқан жерінде) көлік құралдарының қозғалысына қатысты бөлігінде;

4) ҚР ҚК Қару-жарақ бастығының – алтыншы санаттағы автомобиль қозғалысына қатысты бөлігінде.

5. Рейс жасау үшін құжаттарды рәсімдеу:

1) ҚР ҚК әскери бөлімдерінің командирлері, мекемелерінің бастықтары рейс жасауға қажеттілік туындаған кезде олар бағынысты болған ҚР Қорғаныс министрлігі, ҚК Бас штабының департаменттері, басқармалары, ҚР ҚК бас басқармалары бастықтарының, әскер түрлері бас қолбасшыларының, әскер тектері және өңірлік қолбасшылықтар әскерлері қолбасшыларының (бұдан әрі – құрылымдық бөлімшелердің бастықтары) мекенжайына негіздемемен Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінім жолдайды;

2) қаралғаннан кейін, құрылымдық бөлімшелердің бастықтары рұқсат құжатты өтінім беруші – әскери бөлімге (мекемеге) жолдайды;

3) екінші және үшінші санаттағы көлік құралдарының шығуы жоспарланған жағдайда құрылымдық бөлімшенің бастығы ҚР ҚК Бас штабы бастығының бірінші орынбасары алдында рейс жасауға рұқсат беру туралы қолдау көрсетеді;

4) алып тасталды – ҚР Қорғаныс министрінің 20.07.2024 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 20.07.2024 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. 200 километрден артық арақашықтықта рейстерде көлік құралдарын пайдалану тәртібі

6. Көлік құралдарын рейске шығару және олардың қозғалысы мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) әскери бөлімнің (мекеменің) көлік құралдарын пайдалануға жауапты лауазымды адамы рұқсат ету құжатын алғаннан кейін, көлік құралын техникалық қарап-тексеруден өткізеді, нәтижелерін осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көлік құралын тексеру актісін ресімдейді, одан кейін рұқсат ету құжаттарының көшірмелерін және көлік құралын тексеру актісін қоса бере отырып, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім негізінде гарнизонның әскери полиция органында (бұдан әрі – ЭПО) Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рейс жасауға біржолғы рұқсаттама алады;

2) әскери бөлім командирінің (мекеме бастығының) өтінімін, рұқсат ету құжаттарын және көлік құралын тексеру актісін қарағаннан кейін, ЭПО-ның уәкілетті адамы ҚР ҚК Әскери полициясы бас басқармасында біржолғы рұқсаттаманың нөмірін алады және рейс жасауға біржолғы рұқсаттаманы жазып береді;

3) 6-тармақтың 1) және 2) тармақшасында көзделген іс-қимылдар шығуға жоспарланған күнге дейін 3 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

4) екінші және бесінші санаттағы көлік құралдары рейске кеткен кезде, ЭПО-да пайдаланылмайтын трекер бар болғанда, көлік құралының қозғалысын қосымша бақылауды жүзеге асыру үшін автомобильдің рейске шығуы қарсаңында, ЭПО-ның уәкілетті адамы көлік құралына трекерді монтаждайды, монтаждау нәтижелері Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша трекерді монтаждау (бөлшектеу) актісімен ресімделеді. Машинаға трекерді монтаждау (бөлшектеу) актісіне әскери бөлімнің (мекеменің) көлік құралдарын пайдалануға жауапты лауазымды адамы, жүргізушісі, сондай-ақ ЭПО-ның өкілі қол қояды;

5) әскери бөлім (мекеме) ЭПО-дан 50 километрден артық арақашықтықта орналасқан кезде әскери бөлімнің (мекеменің) көлік құралдарын пайдалануға жауапты лауазымды адамы көлік құралына бақылау техникалық қарап-тексеруді жүргізеді, қарап-тексеру нәтижелерін Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көлік құралын тексеру актісімен ресімдейді, біржолғы рұқсаттаманың нөмірін алу үшін ЭПО-ға рұқсат ету құжаттарының көшірмелерін және көлік құралын тексеру актісін қоса бере отырып, Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім жолдайды, ЭПО-дан біржолғы рұқсаттаманың нөмірін алғаннан кейін Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рейс жасауға біржолғы рұқсаттама жазып береді;

6) қозғалыс маршрутын өзгертуге, жүргізушілерді және машина жетекшілерін ауыстыруға, сондай-ақ рейсті орындау мерзімдерін ұзартуға рұқсатты рейс жасауға рұқсат еткен лауазымды адам береді. Қабылданған шешіммен құжат көлік құралы орналасқан жер бойынша ЭПО-ға жолданады, одан кейін ЭПО-ның лауазымды адамдары біржолғы рұқсаттамаға тиісті өзгерістер енгізеді;

7. Көлік құралдарын пайдалануға жол беріледі:

1) бірінші және екінші санаттағыны:

сенбі, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күнделікті сағат 7.00-ден 18.00-ге дейін, 15 сәуір мен 15 қазан кезеңінде сағат 6.00-ден 21.00-ге дейін;

сенбі күндері сағат 7.00-ден 15.00-ге дейін;

демалыс және мереке күндері – пайдалануға жол берілмейді;

2) үшінші, төртінші, бесінші және алтыншы санаттағыны рейс жасау туралы шешім қабылдаған құрылымдық бөлімшелердің бастықтары айқындайды. Рейс жасауға құрылымдық бөлімшенің бастығы жол жүруге рұқсат етілген уақытты айқындамауға шешім қабылдаған жағдайда көлік құралы Қағидалардың 7-тармағының 1) тармақшасына сәйкес пайдаланылады.

8. Жүргізушінің көлік құралын күнделікті басқару ұзақтығы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1288 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14095 болып тіркелген) бекітілген Жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру, сондай-ақ тахографтарды қолдану қағидаларында белгіленген уақыттан артпауға тиіс.

9. Оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды, зымыран отынын және қауіпті жүктерді тасымалдау "Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларын және Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарымен тасымалдауға жол берілетін қауіпті жүктердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 460 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11779 болып тіркелген) талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

10. Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 шілдедегі № 364 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары ішкі қызмет жарғысының талаптарына сәйкес гарнизон шегінен тыс рейске кететін жүргізушілермен, машина жетекшілерімен және лек бастықтарымен командир (бастық) "Жол қозғалысы ережелері, көлік құралдарын пайдалануға жіберудің негізгі ережелері, жедел және арнайы қызметтердің көлік құралдарын арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықтау және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша бояу тәртібі" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 534 бұйрығымен бекітілген Жол жүрісі қағидаларын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33003

болып тіркелген) (бұдан әрі – ЖЖҚ), көлік құралын пайдалану тәртібін және қауіпсіздік шараларын сақтау туралы нұсқау беруді өткізеді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 14.08.2025 № 1070 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Көлік құралдарының қозғалысы жүру маршрутында барлық ЭПО-да міндетті түрде тіркеумен рейс жасауға берілген біржолғы рұқсаттамада көрсетілген маршрут бойынша жүзеге асырылады. ЭПО-ның лауазымды адамы көлік құралын тіркеген кезде біржолғы рұқсаттамада гарнизонға келген, сондай-ақ гарнизоннан кеткен күні мен уақыты туралы белгілер қояды. Белгілер ЭПО уәкілетті адамының қолтаңбасымен және ЭПО-ның мөрімен расталады.

Жол жүру маршрутында ЭПО болмаған жағдайда көлік құралын тіркеу көлік құралы келген әскери бөлім (мекеме) бойынша кезекші жүзеге асырады, белгілер оның қолтаңбасымен және әскери бөлімнің (мекеменің) мөрімен расталады. Келген және кеткен уақыты туралы ақпаратты кезекші гарнизонның ЭПО-ға хабарлайды.

12. Транзиттік көлік құралдарын тұраққа қою және жүргізушілердің түнгі демалысы гарнизон бастықтарының бұйрықтарымен айқындалған әскери бөлімдерде (мекемелерде) жүзеге асырылады. Жекелеген жағдайларда жоспарланған қонатын жерге келу мүмкін болмаған кезде әскери бөлім командирімен (мекеме бастығымен) келісу бойынша жол жүру бағыты бойынша елді мекендерде жүзеге асырылады.

13. Гарнизон бастықтары жыл сайын 15 желтоқсанға дейінгі мерзімде, өз бұйрықтарымен транзиттік көлік құралдарының тұраққа қоюы және жүргізушілердің түнгі демалысы жүзеге асырылатын әскери бөлімдер мен мекемелерді айқындайды.

4-тарау. Көлік құралдарын 200 километрден артық қашықтықтағы рейстерде пайдалануын бақылау

14. Көлік құралдарының қозғалысын бақылау әскери бөлім командиріне (мекеме бастығына) және жоғары тұрған штабтың жедел кезекшісіне баяндай отырып, әскери бөлім (мекеме) бойынша кезекші жүзеге асырады. Көлік құралын рейске шығарар алдында әскери бөлім (мекеме) бойынша кезекші жоғары тұрған штабтың және ҚР ҚК Бас штабы Ұлттық қорғанысты басқару орталығының (бұдан әрі – ҰҚБО) жедел кезекшісіне Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бақылау парағын жолдайды.

15. Жоғарғы штабтың жедел кезекшісі бағынысты әскери бөлімдер (мекемелер) үшін ақпаратты жинақтауды жүзеге асырады және Астана қаласының уақыты бойынша сағат 17.00-ге дейін әскери тасымалды жоспарлауды және ұйымдастыруды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшеге және ҰҚБО жедел кезекшісіне Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша автомобиль техникасының легін 200 километрден артық пайдалану жоспарын жібереді.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 20.07.2024 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Көлік құралын рейске шығару, қонатын жерге тоқтау және жол жүру барысындағы оқиғалар туралы әскери бөлім (мекеме) бойынша кезекші жоғары тұрған штабтың жедел кезекшісі арқылы әскери тасымалдауларды жоспарлауды және ұйымдастыруды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшенің және ҰҚБО-ның жедел кезекшілеріне баяндайды.

5-тарау. Көлік құралдарын 200 километрден артық қашықтыққа пайдалануды жоспарлау

17. Көлік құралдарын 200 километрден артық қашықтықта пайдалану Қағидаларға 8 -қосымшаға сәйкес нысан бойынша бірінші және төртінші санаттағы көлік құралдарының қозғалысына қатысты бөлігінде Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығы (бұдан әрі – ҚМБО – ҚР ҚК БШБ) бекіткен тиісті айға арналған жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 20.07.2024 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17-1. Ай сайын 20-сы күніне қарай әскери тасымалды жоспарлауды және ұйымдастыруды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшеге бірінші және төртінші санаттағы көлік құралдарының қозғалысына қатысты бөлігінде құрылымдық бөлімше үшін алдағы айға арналған 200 км артық қашықтыққа автомобиль көлігімен материалдық-техникалық құралдарды жеткізу жоспары ұсынылсын.

Ескерту. 17-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қорғаныс министрінің 20.07.2024 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17-2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Тыл бастығы ай сайын 30-ы күніне дейін ҚМБО – ҚР ҚК БШБ-ға бекітуге Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері үшін алдағы айға арналған жоспарды ұсынсын.

Ескерту. 17-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Қорғаныс министрінің 20.07.2024 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17-3. Әскер мен жүкті жоспардан тыс, кенеттен жеткізу Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ҚР ҚК Тыл бастығымен келісілгеннен кейін ҚМБО – ҚР ҚК БШБ-ның рұқсатымен жүзеге асырылсын.

Ескерту. 17-3-тармақпен толықтырылды – ҚР Қорғаныс министрінің 20.07.2024 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Рейсті жоспарлау кезінде рейске шығудың мақсатқа сәйкестігі, тасымалдаудың негізділігі және көлік құралының түрі ескеріледі.

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің
көлік құралдарын 200
километрден артық қашықтықта
бақылауды және пайдалануды
ұйымдастыру қағидаларына
1-қосымша
Нысан

құжат жөнелтілетін адамның
лауазымы

Әскери бөлімнің
(мекеменің)
бұрыштама мөртаңбасы

Өтінім

"Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің көлік құралдарын 200 километрден артық қашықтықта бақылауды және пайдалануды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 20__ жылғы " __ " _____ № ____ бұйрығына сәйкес мынадай _____ автомобиль техникасын 200

(әскери бөлім немесе мекеме атауы)
километрден артық қашықтықта пайдалануға рұқсат етуіңізді сұраймын.

P/c №	Көлік құралының маркасы	Мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі	Тіркеме маркасы	Тіркеменің мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі	Жүргізушінің әскери атағы, ТАӘ (ол бар болған кезде)	Машина жетекшісінің (колонна басшысының) әскери атағы, ТАӘ (ол бар болған кезде)
-------	-------------------------	-------------------------------------	-----------------	--	--	--

жол жүру маршруты;
аялдайтын және қонатын орындар;
рейс жасау мақсаты;
рейс жасауға жоспарланған кезең.

Жүру уақытын ұзарту қажет болған кезде өтінім мынадай мазмұндағы мәтінмен толықтырылады: "Жоғарыда көрсетілген Қағида 7-тармағының 2) тармақшасына" сәйкес,

байланысты,

(себебі көрсетіледі)

Сізден рейс жасау кезеңінде сағат ____ . ____ -ден ____ . ____ -ге дейін көлік құралын пайдалануға (пайдалану уақыты көрсетіледі) рұқсат етуіңізді сұраймын.

(өтінім беруге уәкілетті адамның лауазымы, әскери атағы, тегі, инициалы)

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің
көлік құралдарын 200
километрден артық
қашықтықта бақылауды және
пайдалануды ұйымдастыру
қағидаларына
2-қосымша
Нысан
Бекітемін

Мөрдiң орны 20__ жылғы " __ " _____

_____ әскери бөлімі (мекеме) көлік құралының техникалық жай-күйін тексеру
АКТІСІ

Көлік құралының маркасы _____ әскери нөмірі _____
Жүргізуші _____

(әскери атағы, ТАӘ (ол бар болған кезде))

Жүргізуші куәлігі: сериясы _____ № _____, санаты _____

1. Жалпы тіркеу деректері:

1) шанақтың нөмірі _____

2) шассидің нөмірі _____

3) қозғалтқыштың нөмірі _____

4) спидометр көрсеткіші (пломбаның бар болуы және сәйкес келуі) _____

5) көлік құралын тіркеу туралы куәліктің нөмірі _____

2. Көлік құралының техникалық жай-күйі _____

1) шанақтың және қосалқы жабдықтың жай-күйі _____

2) қозғалтқыштың жай-күйі _____

3) тежегіш жүйесінің жай-күйі _____

4) рульдік басқарудың жай-күйі _____

5) электр жабдықтарының және жарық сигналдарының жай-күйі _____

6) шиналардың жай-күйі _____

3. Мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісінің және тану белгілерінің бар болуы және сәйкес келуі

4. Жүргізушіні хабардар ету сигналының бар болуы және ақаусыздығы (жеке құрамды тасымалдауға арналған көлік құралдарында)

5. Медициналық қобдишаның бар болуы және жабдықталуы _____

6. Өрт сөндіргіштің бар болуы және жай-күйі _____

7. Қауіпсіздік белбеулерінің бар болуы және жай-күйі _____

8. Орындықтардың бар болуы және жай-күйі (жеке құрамды тасымалдауға арналған көлік құралдарында)

9. Жүргізуші және шанецтік құрал-саймандарының бар болуы _____

Командирдің қару-жарақ жөніндегі орынбасары (материалдық-техникалық қамтамасыз ету бөлімшесінің бастығы)

_____/_____

_____/_____
(әскери атағы, ТАӘ (ол бар болған кезде)) қолы
Автомобиль қызметінің бастығы _____/_____
_____/_____
(әскери атағы, ТАӘ (ол бар болған кезде)) қолы
Бөлімше технигі _____/_____
_____/_____
(әскери атағы, ТАӘ (ол бар болған кезде)) қолы
Бақылау-техникалық пунктiнiң бастығы _____/_____
_____/_____
(әскери атағы, ТАӘ (ол бар болған кезде)) қолы
Жүргізуші _____/_____
_____/_____

(әскери атағы, ТАӘ (ол бар болған кезде)) қолы
20__жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің
көлік құралдарын 200
километрден артық
қашықтықта бақылауды және
пайдалануды ұйымдастыру
қағидаларына
3-қосымша
Нысан
_____ гарнизоны
әскери полиция басқармасының
(жасағының, бөлімінің,
бөлімшесінің) бастығына

Әскери бөлімнің
(мекеменің)
бұрыштама мөртаңбасы

Өтінім

"Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің көлік құралдарын 200 километрден артық қашықтықта бақылауды және пайдалануды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 20__ жылғы " __ " _____ № ____ бұйрығына сәйкес Сізден _____

(әскери бөлім немесе мекеме атауы)

әскери техниканы 200 километрден артық қашықтыққа рейс жасауға біржолғы рұқсаттама беруіңізді сұраймын.

Техника, техникалық ақаусыз жай-күйде, жүргізуші құжаттары бар, жүргізушілерге нұсқау беру жүргізілді.

Қосымша:

- 1) рейс жасауға негіздеме (рұқсаттама) _____;
(құжаттың атауы және тіркеу нөмірі)
- 2) көлік құралының техникалық жай-күйін тексеру актісі.

(өтінім беруге уәкілетті адамның лауазымы,
әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған кезде)

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің
көлік құралдарын 200
километрден артық қашықтыққа
бақылауды және пайдалануды
ұйымдастыру қағидаларына
4-қосымша
Нысан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚОРҒАНЫС
МИНИСТРЛІГІ

_____ көлік құралдарын
200 километрден артық қашықтықта
(әскери бөлімнің немесе мекеменің атауы)
пайдалану үшін
№ _____ БІРЖОЛҒЫ РҰҚСАТТАМА
20__ жылығы " __ " _____ 20__ жылығы " __ " _____
_____ кезеңінде жарамды (жылы, күні, айы) (жылы,
күні, айы)

" _____ "-ден " _____ " дейін бағыт бойынша жүруге рұқсат (сағаты, минуты) (сағаты, минуты) Көлік құралының санаты _____ _____ (Қағиданың 3-тармағына сәйкес айқындалады) Жол жүру маршруты: _____ _____ (бастапқы, аяқталу және транзиттік пункттері көрсетіледі) Шығу мақсаты: _____ _____ Тасымалданатын жүк: _____ _____ Лек бастығы _____ _____ (әскери атағы, ТАӘ (ол бар болған кезде)) Көлік құралдары туралы мәліметтер				Әскери бөлімдерге (мекемелерге) түнгі демалысқа			
№ р/с	К ө л і к құралының маркасы	Мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі (транзиттік нөмірі)	Тіркemeniң маркасы	Тіркemeniң мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі (транзиттік нөмірі)	Жүргізушінің әскери атағы, ТАӘ (ол бар болған кезде)	Машина жетекшісінің әскери атағы, ТАӘ(ол бар болған кезде)	
Біржолғы рұқсаттаманы берген әскери полицияның (әскери бөлімнің, мекеменің) лауазымды адамы: _____ _____ (лауазымы, әскери атағы, қолы, ТАӘ (ол бар болған кезде)) 20__ жылғы " ____ " _____ (біржолғы рұқсаттама берілген күні) Мөрдiң орны							

	тоқтағаны, гарнизондарды өткені туралы әскери полиция органдарының белгісі
Артқы жағы	Біржолғы рұқсаттаманы ұзарту туралы белгі 20__жыл "__"__дейін біржолғы 20__жыл "__"__ __дейін біржолғы рұқсаттама ұзартылды рұқсаттама ұзартылды (жылы, күні, айы) (жылы, күні, айы) МО _____МО _____ (ӘПО әскери қызметшісінің (ӘПО әскери қызметшісінің лауазымы, лауазымы, әскери атағы, қолы, әскери атағы, қолы, ТАӘ (ол бар болған кезде)) ТАӘ (ол бар болған кезде)) 20__жыл "__"__дейін біржолғы 20__жыл "__"__ __дейін бір жолғы рұқсаттама ұзартылды рұқсаттама ұзартылды (жылы, күні, айы) (жылы, күні, айы) МО _____МО _____ (ӘПО әскери қызметшісінің лауазымы, (ӘПО әскери қызметшісінің лауазымы, әскери атағы, қолы, әскери атағы, қолы, ТАӘ (ол бар болған кезде)) ТАӘ (ол бар болған кезде)) Маршрутты өзгерту туралы белгі Жол жүру маршруты Жол жүру маршруты толықтырылды _____толықтырылды _____ (елді мекеннің атауы) (елді мекеннің атауы) МО _____МО _____ (ӘПО әскери қызметшісінің (ӘПО әскери қызметшісінің лауазымы, әскери атағы, қолы, лауазымы, әскери атағы, қолы, ТАӘ (ол бар болған кезде)) ТАӘ (ол бар болған кезде)) Жол жүру маршруты Жол жүру маршруты толықтырылды _____ толықтырылды _____ (елді мекеннің атауы) (елді мекеннің атауы) МО _____МО _____ (ӘПО әскери қызметшісінің лауазымы, (ӘПО әскери қызметшісінің лауазымы, әскери атағы, қолы, әскери атағы, қолы, ТАӘ (ол бар болған кезде)) ТАӘ (ол бар болған кезде)) Жүргізушіні, машина жетекшісін, лек бастығын ауыстырғаны туралы белгі _____ _____

Әскери бөлімдерге (мекемелерге) түнгі демалысқа тоқтағаны, гарнизондарды өткені туралы әскери полиция органдарының белгісі

ауыстыру жүргізілді (лауазымды адамның әскери атағы, (лауазымды адамның әскери атағы, ТАӘ (ол бар болған кезде)) ТАӘ (ол бар болған кезде))
МО _____

(ӨПО әскери қызметшісінің лауазымы, әскери атағы, қолы, ТАӘ (ол бар болған кезде))

ауыстыру жүргізілді (лауазымды адамның әскери атағы, (лауазымды адамның әскери атағы, ТАӘ (ол бар болған кезде)) ТАӘ (ол бар болған кезде))
МО _____

(ӨПО әскери қызметшісінің лауазымы, әскери атағы, қолы, ТАӘ (ол бар болған кезде))

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің
көлік құралдарын 200
километрден артық қашықтықта
бақылауды және пайдалануды
ұйымдастыру қағидаларына
5-қосымша
Нысан
Бекітемін

Мөрдiң орны 20__ жылғы " __ " _____

_____ әскери бөлімінің (мекеменің) автомобиліне трекерді монтаждау (бөлшектеу)
актісі

Осы акт _____ әскери бөлімінің (мекеменің) _____
көлік

(маркасы және мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі)

құралына жасалды:

1) _____

(әскери бөлімнің немесе мекеменің автомобиль техникасын пайдалануға жауапты адамның лауазымы, әскери атағы, ТАӘ (ол бар болған кезде))

2) _____

(жүргізушінің әскери атағы, ТАӘ (ол бар болған кезде))

қатысуымен 20__ жылғы __ _____ сағат __ минут _____ орнатылды:

трекердің сериясы _____ № _____;

_____ (трекердің жиынтықтаушылары көрсетіледі: антенналар, қуат кабелі, сигнал беру пульті және т.с.с.)

Трекер техникалық түзу.

Трекердің ақаусыздығын және жабдықталғанын растаймын:

_____/_____
_____/_____
(әскери бөлімнің немесе мекеменің автомобиль техникасын пайдалануға жауапты қолы

адамның лауазымы, әскери атағы, ТАӘ (ол бар болған кезде))

Тапсырды _____/_____

_____/_____
(әскери полиция әскери қызметшісінің әскери атағы, ТАӘ (ол бар болған кезде)) қолы

Қабылдады: _____/_____

_____/_____
(жүргізушінің әскери атағы, ТАӘ (ол бар болған кезде)) қолы
Жүргізуші трекерді пайдалану қағидаларымен танысты.

_____/_____
(жүргізушінің әскери атағы, ТАӘ (ол бар болған кезде)) қолы
Трекерді бөлшектеу жүргізілді. Бөлшектеуді жүргізу кезінде мынадай кемшіліктер анықталды: _____

Тапсырды: _____/_____

_____/_____
(жүргізушінің әскери атағы, ТАӘ (ол бар болған кезде)) қолы
Қабылдады: _____/_____

_____/_____
(ӘПЖ әскери қызметшісінің әскери атағы, ТАӘ (ол бар болған кезде)) қолы

Қарулы Күштерінің
көлік құралдарын 200
километрден артық қашықтықта
бақылауды және пайдалануды
ұйымдастыру қағидаларына
6-қосымша
Нысан

Бақылау парағы

(әскери бөлім/мекеме атауы)	(әскери бөлім/мекеме бағыныстылығы)
(әскери бөлім командирі/мекеме бастығы)	(рейс жасау мақсаты)
(біржолғы рұқсаттаманың нөмірі, кім берді) (пайдалануға рұқсат берілген уақыт кезеңі)	
(арнайы әскери автомобиль полиция автомобильдерімен ілесіп жүру туралы ақпарат)	

Көлік құралы (лек) туралы мәлімет							
Марка	Мемлекеттік тіркеу нөмірі	Тіркеу белгісі	Тіркеу нөмірі	Тіркеу нөмірі	Жүргізушінің әскери атағы, ТАӘ (ол бар болған кезде), ұялы телефонының нөмірі	Жол жүру маршруты	Маршрут ұзақтығы (бір бағыттағы)
Жеке құрамды, қару-жарақ пен әскери техниканы, қару мен оқ-дәрілерді жеткізу туралы жалпы мәліметтер							

Жүргізушілерді және машина жетекшілерін коа алғанда, жеке құрамның саны					Техниканың саны				Қару мен оқ-дәрілер саны			Ес керт пе
Офице рлер	Сержанттар (старшиналар мен сарбаздар (матростар) құрамындағы келісімшарт бойынша әскери қызметшілер	Мерзі мді қызмет әскери қызмет шілері	Аз ам атт ық пе рс он ал	Ба рл ығ ы	Автом обиль	Бр он ьд ы та нк	Ті рк ем ел ер	Ба рл ығ ы	Ат ыс қа ру ы	Қ а р у , минаатқыштар	Оқ - дә ріл ер	
Көлік құралының (лектің) жоспарланған жол жүру туралы ақпарат												
Кету пункттері, транзиттік пункттер, келу пункттері	Жол жүру бастал ған күні және уақыт ы	Жол жүру жылда мдығы	Келесі пунктіге дейінгі қашықтық	Келген күні мен уақыты	Демал у орынд ары	Жанармай қ ұ ю пункттері	Ес керт пе					

(әскери бөлім бойынша кезекшінің әскери атағы, ТАӘ (ол бар болған кезде) және қолы)

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің
көлік құралдарын 200
километрден артық қашықтықта
бақылауды және пайдалануды
ұйымдастыру қағидаларына
7-қосымша
Нысан

20_жылғы "___" _____200 километрден артық автомобиль техникасының легін пайдалану (жеке құрамды, қару-жарақты, оқ-дәрі мен басқа да мүлікті жеткізу) жоспары

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 20.07.2024 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

	Күнделікті қызметті қамтамасыз ету	Барлығы
Барлығы бар	___ лек	___ лек
Барлығы әскери техника	___ бірлік	___ бірлік
ӨАП-ның бірге жүруімен	___ лек	___ лек
Қарауылдың бірге жүруімен	___ лек	___ лек
Оқ-дәрі мен қару-жарақты жеткізу	___ лек	___ лек
1. Қозғалыстағы автомобиль легі – ___ АКТ – __, БТТ – __, МТҚ: (ҚӨТ – __, құрғақ жүк – __, ЖЖМ – __, АҚ – __, ОД – __) жеткізілетін ж/қ – __ адам, қарауыл – __ (саны) / __ (адам) __ АҚ (ОД), __ бірл. АҚ (ОД)		

P/c №	әскери бөлім (мекеме)	шығатын күні, маршруты, қашықтығы (екі бағытқа)	техника атауы (барлығы АКТ, оның ішінде маркасы бойынша), мақсаты, жеткізілетін мүліктің атауы (саны, салмағы)	жол жөнекей жүктің жүру маршруты (жүк атауы, тн.)	ТОП-ға келуді жоспарлау күні орналасуы / түнеу: (елді мекен, ә/б, күні, уақыты)	біржолғы рұқсаттама (жүргізу нөмірі, күні және қолданылу кезеңі)	ӘАП (рейсті жасауға ілесіп негіз жүру а/м саны)	өкім № және т.б.)	ерекше белгілері: жөнелтуші – алушы, жетекшілердің ТАӘ(бар болса), лауазымы, тел., (барлығы ж/қ: оф/кбә/к/мқс/азамат. персонал); жеткізілетін ж/қ (барлығы: оф/кбә/к/мқс/азамат. персонал); КБ ә/а ТАӘ (бар болса) (қару/од)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
" ____ " Әң Қ (ӘКТ - 0)									

Кестенің жалғасы

1. Шығуға жоспарланған автомобиль легі – ____

АКТ __, БТТ __, МТҚ: (ҚӘТ – __, құрғақ жүк – __, ЖЖМ – __, АҚ – __, о/д – __)

жеткізілетін жеке құрам – __ адам., қарауыл – __ (саны) / __ (адам) __ АҚ (о/д), __ бірл. АҚ (о/д)

			техника атауы (барлығы АКТ,						ерекше белгілері: жөнелтуші – алушы жетекшілердің ТАӘ (бар болса), лауазым
--	--	--	-----------------------------------	--	--	--	--	--	---

Р/с №	әскери бөлім (мекеме)	Шығатын күні, маршруты, қашықтығы (екі бағытқа)	оның ішінде маркасы бойынша (мақсаты, жеткізілетін мүліктің атауы (саны, салмағы)	жол жөнекей жүру маршруты (жүк атауы, тн.)	ТОП-ға келуді жоспарлау күні орналасуы/түнеу: (елді мекен, ә/б, күні, уақыты)	біржолғы рұқсаттама (жүргізу) нөмірі, күні және қолданылу кезеңі)	ӘАП (ілесіп жүру а/м саны)	рейсті жасауға негіз күні, жеделхат, өкім № және т.б.)	ы, тел., (барлығы (ж/к: оф/кбә/к/мқс / азамат.персонал); жеткізілетін ж/қ (барлығы: оф/кбә/к/мқс / азамат.персонал); КБ ә/а ТАӘ (бар болса) (қару/од)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
" ____ " ӨңК (ӨКТ - 0)									

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің көлік
құралдарын 200 километрден
артық қашықтықта бақылауды
және пайдалануды ұйымдастыру
қағидаларына
8-қосымша
Нысан
Бекітемін
Құрылымдық бөлімшенің бастығы

(ә/а., қолтаңбасы, ТАӘ (бар болса)
20 ж. " "

20__ жылғы _____ (ай) ҚР ҚК автомобиль көлігімен 200 км артық қашықтыққа материалдық-техникалық құралдарды жеткізу жоспары

Ескерту. 8-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 20.07.2024 № 760 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

р/с №	жеткіз уді	Жүк атауы	Жүк масса	Авток өлік бөлеті н әскер и бөлім (	Бөлінетін көлік құралы	Жеткізу маршруты	Жеткізу аралы ғы және	Жеткізу мерзімі	Мото ресур с шығы сы, мың	Кері бағыт та неніж еткізу жоспа рлану да	Ескер тпе
-------	---------------	--------------	--------------	--	---------------------------	---------------------	--------------------------------	--------------------	--	--	--------------

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16
мәлім деуші, э/б			сы (мекем саны), е) тонна		Жүк автом обилі	Авто отын құю құрал ы	Тірке ме	Қайда н (е.м. , э/б)	Қайда (е.м., э/б)	рейс саны	Баста луы	Аяқта луы			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16
БАРЛЫҒЫ: ____ автомобиль АКТ - ____ бірлік (оның ішінде: автомобиль - ____бірл., тіркеме - ____бірл.).															

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің көлік
құралдарын 200 километрден
артық қашықтықта бақылауды
және пайдалануды ұйымдастыру
қағидаларына
9-қосымша
Нысан
Қорғаныс министрінің бірінші
орынбасары – Қазақстан
Республикасы Қарулы
Күштері Бас штабының
бастығына

"Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің көлік құралдарын 200 километрден артық қашықтықта бақылауды және пайдалануды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 20__ жылғы " __ " ____ № ____ бұйрығының __-тармағына және _____ сәйкес
(себепті және негізді көрсету)

арналған 200 км артық қашықтыққа ҚР ҚК материалдық-техникалық құралдарын жеткізу жоспарына толықтырулар енгізу туралы нұсқау беруіңізді сұраймын.

_____ (баянатты беруге өкілеттік берілген адамның лауазымы, әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) 20__ жылғы ____ (ай) ҚР ҚК материалдық-техникалық құралдарын автомобиль көлігімен 200 км артық қашықтыққа жеткізу жоспары

р/с №	жеткіз уді мәлім деуші, ә/б	Жүк атауы	Жүк масса сы (саны), тонна	н әскер и (бөлім (мекеме)	Жүк автом обилі	Авто отын құю құрал ыр	Тірке ме	Қайда н (е.м. , ә/б)	Қайда (е.м., ә/б)	аралы ғы және рейс саны	Баста луы	Аяқта луы	Мото ресур с шығы сы, мың	нені жеткіз у жоспа рлану да	Ескер тпе
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16
БАРЛЫҒЫ: ____ автомобиль															
АКТ - ____ бірлік (оның ішінде: автомобиль - ____ бірл., тіркеме - ____ бірл.)															

Жоспарды жасауға жауапты лауазымды адам _____
(ә/а., қолтаңбасы, ТАӘ (бар болса))